

Көкшетау қаласы, Абай атындағы (қазақ тілінде оқытылатын) дарынды балаларға арналған №3 облыстық мамандандырылған мектеп – интернаты

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсын зерделеу



2021-2022 жылындағы оқушылардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған іс-шаралар екі бағытта ұйымдастырылады: денсаулық және өмір қауіпсіздік. Мектепте өрт, төтенше жағдай жөнінде хабарлау және эвакуациялау схемасы, әр қабатта баспалдақта ӨСК (өрт сөндіргіш құралдары), өрт болған жағдайда хабарлайтын автоматтандырылған кондырғысы, дабыл түймесі, бейнебақылау бар.

Сынып жетекшілер мен тәрбиешілер жоспарға сәйкес келесі тақырыптарда кеңес беріп, тәрбие сағаттарын өткізіп отырады.

1. Көшеде жүру тәртібі мен қауіпсіздік ережесі;
2. Судағы, су қоймаларындағы қауіпсіздік ережесі;
3. Мектептегі өрт қауіпсіздік ережелері;
4. Күзгі демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережесі;
5. Мұз үстіндегі қауіпсіздік шаралары;
6. Қысқы демалыс кезіндегі өмір қауіпсіздік;
7. Көктемгі демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережесі мен оқушылардың жүріс-тұрысы;
8. Жазғы демалыс кезіндегі өмір қауіпсіздік ережелері;
9. Төтенше жағдайларда (лаңкестік) бірінші кезекте не істеу керек;
10. Мектептегі өрттен құтқару тәртібі.
11. Жарылғыш кондырғысына ұқсас зат табылған кезде қорғану іс-әрекеттер.

Оқушыларды төтенше жағдай болғанда көмек көрсетуге, қажырлыққа, бір-бірін қолдауға, жауапкершілікпен орындауға бейімделуін қалыптастыру мақсатында азаматтық қорғанис пен төтенше жағдайлар (АҚ пен ТЖ) қызметтері туралы, тосын оқиғаларға дайындауға бағытталған кеңестер беріледі, тәрбие сағаттары өткізіледі. Сынып жетекшілер мен тәрбиешілер күнделікті бес минуттық кеңес беру сәтін ұйымдастырады. Тәрбиешілер мен сынып жетекшілері балаларға жолда жүру қауіпсіздігі бойынша нұсқаулықтар өткізіп, журналға тіркейді. Оқушылардың күзгі, қысқы, көктемгі және жазғы демалыс уақытын ұйымдастырады. Алғашқы әскери пәнінің мұғалімі А.Е. Шокаев қажетті көрнекілік, ақпараттық материалдар дайындап оқушыларға көрсетіп отырады.

Өрт кезінде оқушылардың өмір қауіпсіздігін алдын алу мақсатында Қазақстан Республикасы төтенше жағдайлар министрлігінің Мәлік Ғабдуллин атындағы азаматтық қорғау академиясының арнайы мамандары өртке қарсы оқу-жаттығуларын өткізеді.